

ӘОЖ 81’42

ҒТАХР 16.21.61

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.016>

## ГЕНДЕРЛІК ДИСКУРСТЫҢ TED TALKS БАЯНДАМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

\*Қозыхан Г.М.<sup>1</sup>, Ахатова Б.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастыр және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа** Гендерлік лингвистика қазіргі тіл ғылымының маңызды бағыттарының бірі ретінде қалыптасып отыр, әрі оның зерттеулері дерлік барлық қазіргі жазба тілдерге негізделеді. Қазіргі таңда тіл және гендер мәселелерін зерттеу дискурсты тереңірек талдауға негізделген кешенді бағытқа айналды. Мақалада тіл біліміндегі гендерлік дискурс мәселелері жан-жақты талданады. Гендерлік дискурс ұғымының теориялық негіздері, оның лингвистикалық, прагматикалық және мәдени қырлары қарастырылады. *Зерттеу жұмысының мақсаты* – гендерлік дискурстың тілдік, прагматикалық және интерактивтік ерекшеліктерін анықтап, оны медиадискурстың дербес түрі ретінде сипаттау және адресант пен адресаттар арасындағы дискурс құраушы параметрлерін анықтау. Зерттеу міндеттері – гендерлік дискурстың теориялық негіздерін айқындау, оның тілдік, прагматикалық және интерактивтік ерекшеліктерін талдау, медиадискурс жүйесіндегі орнын анықтау және адресант пен адресат арасындағы дискурс құраушы параметрлерді жүйелеу. *Зерттеу әдістері* ретінде контент талдау, дискурстық талдау, прагматикалық интерпретация әдістері қолданылды. *Зерттеу нәтижесінде* TED Talks баяндамасының жиырма эпизоды төрт тақырыптық бағытқа топтастырылды. *Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен құндылығы* отандық тіл білімінде гендерлік лингвистиканың қалыптасу сипаты айқындалып, алғаш рет TED Talks баяндамалары негізінде талдау, оның лингвистикалық және эксталингвистикалық қырын ашумен анықталады. *Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы* – подкаст дискурсын медиа-лингвистикалық және прагмалингвистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы заманауи коммуникациядағы жаңа тілдік формалардың табиғатын түсіндірумен айқындалады. *Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы* – зерттеу нәтижелерін «Медиадискурс», «Гендерлік лингвистика» секілді пәндер аясында оқу материалдары ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, практикалық сабақтарда TED Talks материалдарын тіл үйрету, медиа сауаттылық пен коммуникация мәдениетін қалыптастыруда тиімді құрал ретінде қолдану мүмкіндіктерімен негізделеді. Қорытындыда зерттеу нысаны болған гендерлік дискурс қазіргі таңда отандық лингвистикада қарқынды дамып келе жатқан тіл білімінің саласы екендігі

дәлелденді. Зерттеу нәтижелері гендерлік дискурсты одан әрі қарастыруға теориялық негіз бола алады.

**Тірек сөздер:** дискурс, гендерлік дискурс, TED Talks, TED Talks баяндамалары, мақсатты аудитория, сөйлеу жанры, прагматикалық әсер, сөйлеу стратегиясы

### **Кіріспе**

Қазіргі әлемде гендерлік мәселелер қоғам дамуының барлық саласында өзектілікке ие болып отыр. Әлеуметтік құрылымның өзгеруі, ақпараттық технологиялардың күшеюі, мәдени нормалардың жанаруы адамдар арасындағы қарым-қатынастың да жаңа формаларын қалыптастыруда. Осы өзгерістер тілдік жүйеде де көрініс тауып, гендерлік дискурс феноменін зерттеуді маңызды ғылыми бағытқа айналдырды.

Бүгінгі күні гендерлік ғылымда, отандық және шетелдік, ерлер мен әйелдердің сөйлеу мінез-құлқындағы айырмашылықтар мәселесі шешуші орындардың бірін алады. Гендер адамның тілдік санасына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар тілдік тұлғаның мінез-құлқы мен қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтайды. Гендерлік сипаттамаларды ескере отырып, сөйлеу мінез-құлқын талдау ерлер мен әйелдердің дүниетанымының ерекшеліктерін тереңірек ашуға және олардың ауызша өзара әрекеттесуінің ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік береді. Тіл тілдік санадан тыс жұмыс істей алмайды, ол тілдік тұлға шеңберінде қалыптасады.

Қазіргі лингвистиканың айрықша ерекшелігі – антропоцентризм, яғни тілдік тұлға әлемдегі барлық оқиғалардың орталығы. XX ғасырдың аяғында қалыптасқан когнитивті-дискурсивті парадигма көптеген іргелі ғылымдардағы антропоцентристік зерттеулердің өркендеуіне байланысты қалыптасты.

1966-жылы АҚШ-та әйелдердің тең құқығын қорғауға бағытталған «Әйелдердің ұлттық ұйымы» белсенділер ұйымы құрылды. Бұл 21 ғасырдың басында 500 000-ға жуық мүшесі бар Америка Құрама Штаттарындағы ең үлкен ұйымға айналды [1]. Осы ұйым құрылғаннан кейін, гендерлік лингвистика саласындағы зерттеулердің күрт өсуі байқалды, сонымен қатар феминистік лингвистика қалыптасты.

2020 -жылы «New Men's Alliance» әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты тоқтату және гендерлік теңдік үшін күресу мақсатында ер азаматтарды тарту қозғалысы құрылды. Бұндай альянстар мен ұйымдар әлемде күн санап артуда. Осындай ұйымдардың материалдарын дискурсивтік және прагматикалық жағынан зерттеу, гендерлік лингвистиканың нысанына айналуы әбден мүмкін.

Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі 2022-жылы «Гендер және Қазақстан қоғамы» атты еңбектерін жариялады. Аталмыш зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы гендерлік теңдік ахуалын жан-жақты

## Гендерлік дискурстың TED TALKS баяндамалары негізінде зерттелуі

сараптап, гендерлік теңсіздіктің факторларын айқындау әрі оны еңсерудің тиімді жолдарын ұсыну. Бұған қоса, зерттеу медиа мамандары мен ғылыми қауымдастық өкілдерін бір алаңға жинақтап, зерттеу мәдениетін қалыптастыруды көздеді [2].

Гендерлік дискурс – тек тілдік бірліктер жиынтығы емес, ол белгілі бір мағына, ұстаным, идеология мен интенцияны жеткізу құралы десек те болады.

Гендер – қоғамда қалыптасқан ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерін, мінез-құлық нормаларын, мәртебесі мен мәдени талаптарын білдіретін әлеуметтік-мәдени категория [3].

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры Г.Шоқым бастаған зерттеушілер қазақ тілінің әлемдік тілдік суретіндегі гендерлік ерекшеліктерді метафоралар негізінде талдады [4]. Зерттеу жұмысының пәні болып отырған TED Talks – 1984 жылы құрылған халықаралық конференция. Оның мақсаты – маңызды идеяларды таратуға арналған қысқа, әсерлі және тартымды баяндамаларды ұсыну. TED Talks баяндамалары әдетте 18-20 минут аралығында болады, бұл көрерменге ақпаратты оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Баяндамалар әлемнің әр түрлі тілдеріне аударылып, субтитрмен беріледі.

Отандық зерттеушілер Сейдікенова А.С., Тастанова Р.Б. гендерлік лингвистикадағы саяси дұрыстық мәселесін терминология тұрғысынан талқылап, бинарлы ұғымдардан тыс, құрмет пен инклюзивтік гендерлік дискурстың саяси дұрыстығын көрсететін маңызды тіл білімінің аясы деген қорытындыға келген [5].

Азылбекова Г.О. бастаған ғалымдар орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдерді талдай отырып, сол тілдер мен мәдениеттердегі гендерлік стереотиптердің өзгеруін зерделеген [6]. Бұндай зерттеулер отандық гендерлік дискурс теориясының дамуына негіз болады.

Қазіргі кезде гендерлік мәселелерді талқылауға арналған медиа кеңістіктер өте көп. Сондай медиа кеңістіктердің бірі – TED Talk тұғырнамасы.

Мақсатты аудиторияның талғамына қарай TED Talk тұғырнамасында орналасқан материалдарды келесідей тақырыптық топтарға бөлуге болады: технология, ғылым, білім, психология, өнер, мәдениет, қоғам мәселелері, экология, медицина және гендерлік тақырыпқа арналған және т.б. Бүгінгі таңда әлемдегі тақырыптық бағыты өте ауқымды спикерлер алаңы деуге болады.

Қазақстанда да осыған ұқсас спикерлер алаңы ретінде TEDx Astana шешен сөз алаңын айтуға болады. Осы уақытқа дейін 10 TEDx Astana конференциясы өтті, 143 тілдік тұлға өз идеяларымен бөлісті және YouTube-тегі видеоларын 1 миллионға жуық адам көрген.

TED қорының миссиясы – ойшылдарға, жаңашылдарға және оқытушыларға, бүкіл әлемдегі тілдік тұлғаларға әлем алдында тұрған ең маңызды мәселелерді жақсырақ түсінуге көмектесетін платформа арқылы тың идеялармен бөлісуді насихаттау.

Зерттеуші Sichen Xia TED Talk видео-баяндамаларын жалпы және мультимодальды ресурстарды пайдалану арқылы ғылыми білімнің маман емес онлайн аудиторияға қалай түсіндірілетінін зерттейді [7]. TED баяндамаларының коммуникативтік мақсаты – білімді кең аудиторияға түсіндіру және осы мақсатқа жету үшін «тақырыпты дамыту» деп аталатын риторикалық қадам қолданылатынын көрсетеді.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу материалы ретінде 2023-2025 жылдар аралығындағы TED Talks платформасындағы гендерлік тақырыптағы баяндамалар іріктеліп, олардың тақырыбының гендерлік мәселелерге бағытталғандығы, ағылшын тілінде ұсынылғандығы және білім беру немесе кәсіби аудиторияға арналғандығы басты критерий ретінде алынған. Спикерлердің баяндамаларын талдау барысында контент-талдау әдісі арқылы баяндамалардың мәтіні зерттеліп, гендерлік мазмұн мен риторикалық құралдар анықталса, дискурстық талдау әдісі адресант пен адресат арасындағы интерактивтік және коммуникативтік қатынастарды қарастыруға, прагмалингвистикалық талдау тілдік бірліктердің коммуникативтік контекстке сәйкес қолданылуы мен сөйлеушінің аудиторияға ықпал етуін зерттеуге мүмкіндік берді.

### **Нәтижелер және талқылау**

Зерттеу барысында гендерлік тақырыпқа байланысты баяндамалар келесідей төрт тақырыптық бағытқа топтастырылды:

- *Celebrating and deconstructing the gender spectrum* (Гендерлік спектрді атап өту және деконструкциялау);
- *Powerful poetry by fierce women* (Қаһарлы әйелдердің күшті поэзиясы);
- *What we don't talk about* (Біз не туралы сөйлеспейміз);
- *TED Talks by women leaders* (Әйел көшбасшылардың TED баяндамасы).

Т.В. Шмелева TED баяндамаларының жанрлық ерекшеліктерін анықтау үшін ұсынған сөйлеу жанрының моделі келесідей: коммуникативтік мақсат, автор бейнесі, адресат бейнесі, өткен және болашақ факторлар, диктум компоненттері, және тілді жүзеге асыру. Ғалымның жіктемесіне сәйкес, коммуникативтік мақсаттың түрі бойынша сөйлеу жанрлары ақпараттық, императивтік, бағалаушылық және этикеттік (рәсімдік) болып бөлінеді [8].

TED баяндамасы негізінен білім беру мақсаттарын шешуге, яғни адресаттарға ғылыми жетістіктер, жаңалықтар, әлеуметтік үрдістер және т.б. қатысты белгілі бір фактілер туралы ақпарат беруге арналған. Сондықтан, мұндағы басты мақсат ақпараттық.

Ал қарастырып отырған баяндамалардың бағалауыштық қыры, медицинада, мектептегі білім беру, әлеуметтік саладағы өзгерістер қажеттілігі секілді белгілі бір салалардағы істердің жай-күйін, жеке тұлғалардың қызметін сынау және эмоционалды көзқарасты (қуаныш, өкініш, үміт, қорқыныш) білдіру арқылы белгілі бір мәселелерді шешудің маңыздылығына сілтеме жасау арқылы көрінеді. Мысалы,

*And what can employers do? Well, the first thing they must do is to make sure that they **genuinely** are hiring and promoting on merit. One study found that 70 percent of men will rate a man **more highly** than a woman for achieving exactly the same goals. Women with exactly the same qualifications as men are 30 percent less likely to be called for a job interview. If you have only one woman on a shortlist, the chances of appointing her are **vanishingly small**. Because it's telling us that men are the **natural holders of this job**, and that appointing a woman would be **risky**. Adding just one more woman to the shortlist makes the odds of hiring a woman **79 times greater**. **This is really horrifying to me** [9].*

Мәтін гендерлік теңсіздік мәселесін ашатын институционалдық-қоғамдық дискурста жатады. Автор жұмысқа қабылдау мен мансаптық ілгерілеу үдерісіндегі жасырын гендерлік стереотиптерді сынайды. Ерлер – «табиғи лайықты» кандидаттар, әйелдер – «тәуекелді» таңдау ретінде ұсынылады. Осындай бинарлық қарама-қарсылық гендерлік дискурста жиі кездесетін құбылыс. Адресант сандар мен пайыздық көрсеткіштерді қолдану арқылы (70 percent, 30 percent, 79 times) адресаттарға рационалды түрде ықпал етуді көздейді. Осылайша мәселе жеке шешім емес, жүйелі әлеуметтік құбылыс ретінде танылады. Баяндамадағы *vanishingly small, risky, horrifying* сияқты лексемалар мәтінге айқын аксиологиялық реңк береді.

TED баяндамаларының императивті сипаты көбіне тікелей бұйрық арқылы емес, жанама ықпал ету стратегиялары арқылы жүзеге асады. Бұл ықпал бірнеше лингвистикалық және риторикалық құралдар арқылы көрінеді. Баяндамашы *we, our, us* секілді есімдіктерді және аудиторияны ойландыру үшін риторикалық сұрақтар қояды. Спикер тыңдаушыларды өздерінің дұрыстығына, шұғыл өзгерістер қажеттілігіне және жұмыстарының маңыздылығын тек хабардар етіп қана қоймай, сонымен қатар сендіреді. Бұл ықпал коммуникацияның мазмұндық яғни, диктумдық аспектісі арқылы да, дискурсивті-прагматикалық компоненті арқылы да жүзеге асырылады. Осылайша, спикерлер өз идеяларын ұсынған кезде үнемі аудиторияға жүгінгенде екінші жақтағы «you» есімдігін қолданады: *To make it real, let's look together about how these sectors can come together to address power with the focus on gender equality. Say you're a public sector leader. You have the unique ability to create equity, a level playing field, so everyone has a fair shot. You can create regulations and incentives to increase the use of gender data. You can set goals for women on boards and in public office. You can practice gender budgeting and you can mandate paid care. Say you're a leader in the business*

*sector. You can design products and services that unleash the economic power of the female customer. You can fortify and diversify your supply chain with women-owned businesses, and you can invest in your female talent pipeline with pay equity and leadership opportunities so that your corporate decisions are more inclusive. What if we could change the way we think about failure?* [10].

Қарастырып отырған TED Talk баяндамаларында қажеттілік пен міндетті білдіретін *need, should, have to* модальды етістіктерін жиі қолдану сөйлеудің категориялық сипатын арттырады, оның әсерін күшейтеді және адресанттың өз идеяларына деген сенімін көрсетуге көмектеседі: *Now, right off the bat, let me tell you, this assembly is going to take more than one person or group of people. It's going to take everyone. Are you ready? **Should** we dive in? Let's do it. So hear me when I say, a woman **shouldn't** be grateful to sit at a table. She **should** be paid to sit at a table. Gratitude **should** never replace fair pay, recognition, or opportunity* [11].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғаныңыздай, TED Talk баяндамаларында адресатқа әсер ету «you» есімдігі арқылы ғана емес, сонымен қатар *we, us, our* есімдіктерін қолдану арқылы да жүзеге асады. Мысалы,

*We've all been there. There's something you want to ask for. So, we stress about it for weeks. We prepare, we take all of the expert advice, and yet it never feels like we're coming from a position of strength. Instead, you want to use what's called a relational ask. A relational ask is easily the most well-hidden secret in negotiation. Until now. Research by Hannah Riley Bowles out of Harvard and Linda Babcock out of Carnegie Mellon shows that when women use a relational ask, we are much more likely to be successful and we actually strengthen the relationship* [12]. Берілген мысалда императивтілік сипат астыртын түрде қолданылған. Бұл жағдайда адресант реципиенттерге тікелей бір әрекетті орындауды бұйырмайды, керісінше, белгілі бір істі бірлесіп атқару қажеттігін атап көрсетеді. Мұндай тәсіл адресатқа ықпал етудің бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін, дегенмен аталған жанр аясында ол манипулятивтік сипатқа қарағанда ынталандырушы сипатқа ие екендігін байқаймыз.

TED Talk баяндамаларын талдау барысында жиі қолданылатын *let's, remember, move forward* сияқты императивтердің көпшілігі аудиторияға тікелей бұйрық бермей, бірлескен әрекетке шақырады. Бұл жұмсартылған императив адресатқа қысым жасамай, ортақ жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

*So, let's use all our power. How about the power of money? Let's allocate more of our philanthropic dollars, our campaign donations, our investment funds, to increase economic and political equity. And let's leverage the power of media and technology that we have in our hands, quite literally, to elevate each other's stories and ideas; to practice civility; to seek the truth, which is*

*diminishing and is threatening free and open societies. Yes, we have all that we need to move our communities forward. And the best thing we have, and what we must **remember**, is to be there for each other. We will **move forward** together, willing now to **take more risk**, to be more fearless, to speak up, speak out and show up for one another* [13]. Сонымен қатар *together, each other, our* сияқты инклюзивті есімдіктер ұжымдық бірегейлікті күшейтеді. Синтаксистік тұрғыдан мәтінде риторикалық сұрақтар (*How about the power of money?*), параллель құрылымдар мен тізбектеу кеңінен қолданылады (*to increase..., to elevate..., to practice..., to seek...*). Бұл құрылымдар ойды жүйелі түрде дамытып, тыңдаушыға әсер етудің экспрессивті құралдары ретінде қызмет етеді. Қысқа әрі динамикалық сөйлемдер мәтіннің прагматикалық қуатын арттырады.

TED Talk баяндамаларының этикеттік аспектісіне келетін болсақ, гендерлік тақырыптарды көтеретін мәселелердің барлығы конференциялар өткізу ережелерін қатаң сақтау арқылы жүзеге асырылады. Бұл баяндамалар дәріс соңында спикердің адресаттарға алғыс айтуымен және көрермендердің қошеметі болып табылады.

Баяндамалардан кейін адресаттардың кері байланысын, баяндамадан кейін қалдырған пікірлерінен көруге болады.

[@Benni777](#)

*I LOVE TED WOMEN!!*

2) [@AIAAlwaysImagine](#)

*Nothing more dangerous than human ignorance. Especially those who refuse to learn from it.*

3) [@benverzijlbergen2968](#)

*Want to fill up more spots at the top? Go for it! I wish you all the best and hope you can accomplish your goals - same as the men competing for those positions. But how about you fill up more spots at the bottom too? Drop them cozy desk-jobs and do some of the more physically demanding work - that is, if you're truly after equality.*

Қалдырған пікірлерден аталмыш тұғырнамада жұмыс орындарында жақсы позицияға орналасуда кездесетін гендерлік мәселелерді көтерген адресантты қолдайтындықтарын көре аламыз.

Өткен және болашаққа бағытталған жанр қалыптастырушы факторларды кешенді түрде талдау TED баяндамаларының коммуникативтік үдерістің бастамашыл жанры ретінде айқындауға мүмкіндік береді. Бұл жанрдың дискурсогенділік сипаты нәтижесінде пайда болатын басқа тілдердегі түсініктемелер мен аудармалар реактивті жанрлар ретінде қарастырылады. Аталған жанрлар бастапқы мәтінге жауап ретінде қалыптасып, оның мағыналық, прагматикалық және мәдени кеңеюін қамтамасыз етеді. Құрылымы күрделі әрі тармақталған түсініктемелердің, сондай-ақ көптілді аудармалардың болуы TED баяндамаларына тән

жоспарланған нәтижеге бағытталған перлокутивтік әсердің жүзеге асқанын көрсетеді. Осылайша, TED баяндамалары тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар жаңа дискурстық жанрлардың қалыптасуына ықпал ететін көпқабатты коммуникативтік феномен ретінде сипатталады.

Қорытындылай келе, бұл пікірлер TED баяндамаларының тек ақпараттық тұғырнама ғана емес, сондай ақ гендерлік дискурс аясында ынтымақтастықты қамтамасыз ететін белсенді коммуникациялық алаң екендігін көрсетеді.

### **Қорытынды**

Зерттеу барысында алғаш рет гендерлік дискурстың дискурсивті аспектісі TED Talks баяндамалары негізінде зерделенді.

Біріншіден, TED Talks баяндамалары – жаһандық медиакеңістікте өзекті және қызықты тақырыптарды заманауи ағылшын тілінде талқылауға бағытталған алаң.

Екіншіден, TED Talks баяндамалары мақсатты аудиториясы бар тиімді коммуникация платформасы. TED Talks баяндамалары – американдық жоба, Ted баяндамалары – ағылшын тілді жанр, ал спикерлердің басым бөлігі ағылшын тілінде сөйлейтін тіл тасымалдаушылары екендігі белгілі болды.

Үшіншіден, TED Talks баяндамалары негізінде гендерлік дискурсты талдау гендер тақырыбының тілде қалай көрініс табатынын ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік-мәдени контекстпен қалай байланысатынын да көрсетті. Мұндай талдау әдетте лингвистикалық және экстралингвистикалық қырларды бірге қарастырады. Лингвистикалық тұрғыдан, гендерге қатысты сөздер: *gender, women, men, equality, leadership* т.б. лексемалар қолданылады. Экстралингвистикалық факторлар әлеуметтік контекст, спикер тұлғасы, мәдени идеология сынды сипаттармен түсіндіріледі. Осы екі қырды бірге қарастыру гендерлік коммуникацияның толық бейнесін ашатыны анықталды.

Төртіншіден, атылмыш тұғырнамадағы әйел көшбасшылардың TED баяндамалары Т.В. Шмелеваның TED баяндамаларының жанрлық ерекшеліктерін анықтау үшін ұсынған сөйлеу жанрының моделіне сүйене отырып жан-жақты зерделенді.

Бесіншіден, гендерлік мәселелерді талқылаған баяндамаларда адресант пен адресанттар арасындағы диалог, адресаттарға деген толеранттылық, персуазивтік және баяндау формасына деген мұқияттылық тән екендігі анықталды.

Болашақ зерттеулер қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі гендерлік дискурс ерекшеліктерін салыстыру арқылы мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтауға бағытталады. Бұл гендерлік ұғымдардың әр қоғамда қалай тілдік тұрғыдан қалыптасатынын көрсетуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Johnston M. National Organization for Women. – 2025. <https://www.britannica.com/topic/National-Organization-for-Women> 08.12.2025.

[2] Теңізбай Ә. Гендер және Қазақстан қоғамы. Алматы: «DELUXE Printery», 2022. – 280 б.

[3] Құсайынов А.Қ. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.

[4] Shokym G.T., Zhumasheva K.B. et al. Images of men and women in the mirror of gender metaphors // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – № 8(2). – Pp. 272-282.

[5] Сейдікенова А.С., Тастанова Р.Б., Шоқаева Қ.Н. Political correctness in gender linguistics: a terminological perspective // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. №. 2 (77). – Б. 260-273.

[6] Азылбекова Г.О., Ақылбекова А.К., Худиева С.Р. Оценочные поговорки русского, немецкого и английского языков с гендерным компонентом // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2025. – № 4 (79). – С. 28-42.

[7] Xia S. Explaining science to the non-specialist online audience: A multimodal genre analysis of TED talk videos // English for Specific Purposes. – 2023. – V. 70. – Pp. 70-85.

[8] Шмелева Т.В. Модель речевого жанра // Жанры речи: сб. науч. статей. – Вып. 1. – Саратов: ГосУНЦ «Колледж», 1997. – С. 88-99.

[9] Sieghart M.A. Why are women still taken less seriously than men? [https://www.ted.com/talks/mary\\_ann\\_sieghart\\_why\\_are\\_women\\_still\\_taken\\_less\\_seriously\\_than\\_men](https://www.ted.com/talks/mary_ann_sieghart_why_are_women_still_taken_less_seriously_than_men) 01.12.2025.

[10] Najmi R. What’s your leadership language? [https://www.ted.com/talks/rosita\\_najmi\\_what\\_s\\_your\\_leadership\\_language](https://www.ted.com/talks/rosita_najmi_what_s_your_leadership_language) 15.12.2025.

[11] Singh L. A seat at the table isn’t the solution for gender equity. – 2021. [https://www.ted.com/talks/lilly\\_singh\\_a\\_seat\\_at\\_the\\_table\\_isn\\_t\\_the\\_solution\\_for\\_gender\\_equity](https://www.ted.com/talks/lilly_singh_a_seat_at_the_table_isn_t_the_solution_for_gender_equity) 25.12.2025.

[12] Valentine K. What successful negotiators do differently? – 2025. [https://www.ted.com/talks/kathryn\\_valentine\\_what\\_successful\\_negotiators\\_do\\_differently](https://www.ted.com/talks/kathryn_valentine_what_successful_negotiators_do_differently) 05.05.2025.

[13] Mitchell P. Dangerous times call for dangerous women. – 2019. [https://www.ted.com/talks/pat\\_mitchell\\_dangerous\\_times\\_call\\_for\\_dangerous\\_women](https://www.ted.com/talks/pat_mitchell_dangerous_times_call_for_dangerous_women) 20.12.2025.

## REFERENCES

- [1] Johnston M. National Organization for Women. – 2025. <https://www.britannica.com/topic/National-Organization-for-Women> 08.12.2025.
- [2] Теңізбай Ә. Gender және Qazaqstan қоғамы [Gender and Society of Kazakhstan]. – Almaty: «DELUXE Printery», 2022. – 280 b. [in Kaz.]
- [3] Qūsaiynov A.Q. Qazaq tılı terminderiniñ salalyq ğylymi túsındırme sözdıǵı: pedagogika және psihologia [Sectoral scientific explanatory dictionary of Kazakh language terms: pedagogy and psychology]. – Almaty: Mektep, 2002. – 256 b. [in Kaz.]
- [4] Shokym G.T., Zhumasheva K.B. et al. Images of men and women in the mirror of gender metaphors // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – No. 8(2). – Pp. 272-282.
- [5]. Seidikenova A.S., Tastanova R.B., Shokhayeva K.N. Political correctness in gender linguistics: a terminological perspective // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series “Philological Sciences”. – 2025. – No. 2 (77). – Pp. 260–273.
- [6] Azylbekova G.O., Akylbekova A.K., Khudieva S.R. Otsenochnye poslovitsy russkogo, nemetskogo i angliyskogo yazykov s gendernym komponentom [Evaluative proverbs of the Russian, German and English languages with a gender component] // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series “Philological Sciences”. – 2025. – No. 4 (79). – S. 28-42. [in Rus.]
- [7] Xia S. Explaining science to the non-specialist online audience: A multimodal genre analysis of TED talk videos // English for Specific Purposes. – 2023. – Vol. 70. – Pp. 70-85.
- [8] Shmeleva T.V. Model rechevogo zhanra [Model of speech genre] // Zhanry rechi: collection of scientific articles. – Saratov: GosUNTS «Kollodzh», 1997. – Issue 1. – S. 88-99. [in Rus.]
- [9] Sieghart M.A. Why are women still taken less seriously than men? [https://www.ted.com/talks/mary\\_ann\\_sieghart\\_why\\_are\\_women\\_still\\_taken\\_less\\_seriously\\_than\\_men](https://www.ted.com/talks/mary_ann_sieghart_why_are_women_still_taken_less_seriously_than_men) 01.12.2025.
- [10] Najmi R. What’s your leadership language? [https://www.ted.com/talks/rosita\\_najmi\\_what\\_s\\_your\\_leadership\\_language](https://www.ted.com/talks/rosita_najmi_what_s_your_leadership_language) ] 15.12.2025.
- [11] Singh L. A seat at the table isn’t the solution for gender equity. – 2021. [https://www.ted.com/talks/lilly\\_singh\\_a\\_seat\\_at\\_the\\_table\\_isn\\_t\\_the\\_solution\\_for\\_gender\\_equity](https://www.ted.com/talks/lilly_singh_a_seat_at_the_table_isn_t_the_solution_for_gender_equity) 25.12.2025.
- [12] Valentine K. What successful negotiators do differently? – 2025. [https://www.ted.com/talks/kathryn\\_valentine\\_what\\_successful\\_negotiators\\_do\\_differently](https://www.ted.com/talks/kathryn_valentine_what_successful_negotiators_do_differently): 05.05.2025.
- [13] Mitchell P. Dangerous times call for dangerous women. – 2019. [https://www.ted.com/talks/pat\\_mitchell\\_dangerous\\_times\\_call\\_for\\_dangerous\\_women](https://www.ted.com/talks/pat_mitchell_dangerous_times_call_for_dangerous_women) 20.12.2025.

ИССЛЕДОВАНИЕ ГЕНДЕРНОГО ДИСКУРСА НА ОСНОВЕ  
ДОКЛАДОВ TED TALKS

\*Қозыхан Г.М.<sup>1</sup>, Ахатова Б.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Гендерная лингвистика является одним из приоритетных направлений современной языковой науки, и её исследования базируются на материале практически всех современных письменных языков. В настоящее время изучение проблем языка и гендера оформилось в комплексное междисциплинарное направление, основанное на углублённом анализе дискурса. В современной лингвистике всесторонне рассматриваются вопросы гендерного дискурса, включая его теоретические основы, а также лингвистические, прагматические и культурные аспекты. *Целью данного исследования* является выявление языковых, прагматических и интерактивных особенностей гендерного дискурса, его характеристика как самостоятельной формы медиадискурса, а также определение параметров взаимодействия между адресантом и адресатом. Задачи исследования – определить теоретические основы гендерного дискурса, проанализировать его языковые, прагматические и интерактивные особенности, установить его место в системе медиадискурса, а также систематизировать дискурсообразующие параметры взаимодействия адресанта и адресата. *В качестве методов исследования* использовались контент-анализ, дискурсивный анализ и метод прагматической интерпретации. *В результате исследования* двадцать эпизодов выступлений TED Talks были сгруппированы по четырём тематическим направлениям. *Научная новизна и ценность работы* определяются особенностями становления гендерной лингвистики в отечественном языкознании, а также тем, что впервые на материале докладов TED Talks осуществлён анализ гендерного дискурса с раскрытием его лингвистических и экстралингвистических аспектов. *Теоретическая значимость исследования* заключается в объяснении природы новых языковых форм в современной коммуникации посредством медиалингвистического и прагмалингвистического анализа подкаст-дискурса. *Практическая значимость работы* состоит в возможности использования полученных результатов в качестве учебных материалов в рамках дисциплин «Медиадискурс» и «Гендерная лингвистика». Кроме того, материалы TED Talks могут быть использованы на практических занятиях как эффективный инструмент обучения языку, формирования медиаграмотности и культуры общения. В заключение установлено, что гендерный дискурс, являющийся объектом настоящего исследования, представляет собой динамично развивающуюся область современного отечественного языкознания. Полученные результаты могут служить

теоретической основой для дальнейших исследований гендерного дискурса.

**Ключевые слова:** дискурс, гендерный дискурс, TED Talks, выступлении TED Talks, целевая аудитория, речевой жанр, прагматическое воздействие, речевая стратегия

## THE STUDY OF GENDER DISCOURSE BASED ON TED TALKS REPORTS

\* Kozykhan G.M.<sup>1</sup>, Akhatova B.A.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup> Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** Gender linguistics is one of the priority areas of modern linguistic science, and its research is based on material from virtually all modern written languages. Currently, the study of language and gender issues has developed into a comprehensive interdisciplinary field based on in-depth discourse analysis. Contemporary linguistics addresses issues of gender discourse in a comprehensive manner, examining its theoretical foundations as well as its linguistic, pragmatic, and cultural aspects. *The aim of this study* is to identify the linguistic, pragmatic and interactive features of gender discourse, to characterise it as an independent form of media discourse, and to determine the parameters of interaction between the addresser and the addressee. The research objectives are to identify the theoretical foundations of gender discourse, analyze its linguistic, pragmatic, and interactive features, determine its place within the media discourse system, and systematize the discourse-forming parameters of interaction between the addresser and the addressee. Content analysis, discourse analysis and pragmatic interpretation were employed as research methods. As a result of the study, twenty episodes of TED Talks were grouped into four thematic areas. *The scientific novelty and value* of the work are determined by the peculiarities of the formation of gender linguistics in Kazakhstani linguistics, as well as by the fact that, for the first time, an analysis of gender discourse has been carried out on the basis of TED Talks, revealing its linguistic and extralinguistic aspects. *The theoretical significance* of the study lies in explaining the nature of new linguistic forms in modern communication through media-linguistic and pragmatic-linguistic analysis of podcast discourse. *The practical significance* of the work lies in the possibility of using the results obtained as teaching materials in the disciplines of “Media Discourse” and “Gender Linguistics”. In addition, TED Talks materials can be used in practical classes as an effective tool for language teaching, media literacy and communication culture formation. In conclusion, it has been established that gender discourse, which is the subject of this study, is a dynamically developing area of contemporary Kazakhstani linguistics. The results obtained can serve as a theoretical basis for further research on gender discourse.

**Keywords:** discourse, gender discourse, TED Talks, TED Talks lectures, target audience, speech genre, pragmatic impact, speech strategy

*Мақала түсті / Статъя поступила / Received: 13.01.2026.  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Қозыхан Гүлім Мейрамханқызы – «Шетел филологиясы» оқу бағдарламасы 1 курс докторанты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-0021-8745>, e-mail: [guli.94k@mail.ru](mailto:guli.94k@mail.ru)

Ахатова Багиля Абильмажиновна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5407-8688>, e-mail: [kazcainfo@gmail.com](mailto:kazcainfo@gmail.com)

***Информация об авторах:***

Қозыхан Гүлім Мейрамханқызы – докторант 1 курса образовательной программы «Иностранная филология», Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-0021-8745>, e-mail: [guli.94k@mail.ru](mailto:guli.94k@mail.ru)

Ахатова Багиля Абильмажиновна – доктор филологических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5407-8688>, e-mail: [kazcainfo@gmail.com](mailto:kazcainfo@gmail.com)

***Information about the authors:***

Kozykhan Gulim Meiramkhankyzy – 1 year PhD student on educational programme “Foreign philology”, Kazakh Abylai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-0021-8745>, e-mail: [guli.94k@mail.ru](mailto:guli.94k@mail.ru)

Akhatova Bagyla Abilmozhinovna – Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazakh Abylai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5407-8688>, e-mail: [kazcainfo@gmail.com](mailto:kazcainfo@gmail.com)